


Жұлдыздар
отбасы

№16 (28) Тамыз 2011 жыл

NEW

АНЫЗ Атам



1848—1931

ШОКЕР АМБЕРДИ

Мазмұны:

ӨМІРБАЯН

- 5** Роза РАҚЫМҚЫЗЫ:
БАЛА ШАҢКЕРІМНЕН –
КЕМЕҢГЕР АҚЫН ШӘКЕРІМ
ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНА ДЕЙІН

ШӘКЕРІМ ҰРПАҒЫ

- 9** Ахат ШӘКЕРІМҰЛЫ:
ШӘКЕРІМНІҢ КІТАПХАНАСЫНДАҒЫДАЙ
КІТАПТАРЫ БАР АДАМДЫ КӨРГЕМ
ЖОҚ...

ШӘКЕРІМ ТҰЛҒАСЫ

- 32** Ерлан СЫДЫҚОВ:
ШӘКЕРІМ АЛАШОРДА МҮДДЕСІНЕН
ТЫМ АЛЫС КЕТПЕГЕН

- 34** Жандос ӘУБӘКІР:
ШӘКЕРІМ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕРДЕН
ТЫС ҚАЛМАҒАН

САУАЛНАМА

- 36** ШӘКЕРІМ МҰРАТЫ МЕН МҰҢЫН
ҰРПАҚТАРЫ ҰҒЫНА АЛДЫ МА?

ШӘКЕРІМТАНУ

- 39** Өтеген КҮМІСБАЕВ:
ШӘКЕРІМНІҢ ШЫҒЫСЫНА БОЙЛАЙ
АЛМАЙ ЖҮРМІЗ

- 41** Аманжол ҚАСАБЕК:
ШӘКЕРІМ – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ
КӘСІБИ ФИЛОСОФЫ

- 42** Тұрдықұл ШАҢБАЙ:
ШӘКЕРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ТЕКСТОЛОГИЯСЫ ӨТЕ КҮРДЕЛІ ХАЛДЕ
ТҰР

- 44** Өмірхан ӘБДИМАНОВ:
АБАЙ ЖАНЫН ТАНЫҒАН АДАМ
ШӘКЕРІМДЕЙ-АҚ БОЛСЫН

ШӘКЕРІМ ШЫНДЫҒЫ

- 16** Мекемтас МЫРЗАХМЕТОВ:
АБАЙДЫ ТЕРЕҢ ТАНЫМАЙЫНША,
ШӘКЕРІМГЕ ЕНЕ АЛМАЙМЫЗ

- 17** Төкен ИБРАГИМОВ:
ШӘКЕРІМНІҢ ІШІНДЕГІ АБАЙДЫ
ТАНЫСАҚ, МҮЛДЕМ ЖАҢА АБАЙ ШЫҒАР
ЕДІ

- 19** Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ:
АБАЙ ШӘКЕРІМДІ БЕСІКТЕН БАСТАП
ТӘРБИЕЛЕГЕН

ШӘКЕРІМ ФИЛОСОФИЯСЫ

- 22** Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ:
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЛАРЫН СОПЫЛЫҚ
ДӘСТҮРГЕ НЕГІЗДЕГЕН

- 23** Ғарифолла ЕСІМ:
ШӘКЕРІМ ШЫН ҚҰДАЙ ТУРАЛЫ ҚИСЫН
ІЗДЕГЕН

ШӘКЕРІМ БЕЙНЕСІ

- 48** Қасым АМАНЖОЛҰЛЫ:
ҚОС ДАНЫШПАН АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ
ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚАУЗАДЫМ

ШӘКЕРІМ ТАҒЫЛЫМЫ

- 24** Асан ОМАРОВ:
«АБАЙ ЖОЛЫНЫҢ» ЖАЗЫЛУЫНА
ШӘКЕРІМ ТҮРТКІ БОЛҒАН


ШӘКЕРІМ МҰРАСЫ

- 26** Арғынбек АХМЕТЖАНОВ:
ШӘКЕРІМНІҢ 30-ҒА ТАРТА ӨНІ БАСПА
БЕТІН КҮТІП ЖАТЫР

ШӘКЕРІМ ТАҒДЫРЫ

- 28** Бекен ИСАБАЕВ:
ОЛ СОНШАМА РУХАНИ СОҚҚЫНЫ
КӨТЕРЕ ЖҮРІП ӨЗ БИІГІНДЕ ҚАЛДЫ

- 30** Қайыржан ҒИЗАТҰЛЫ:
ШӘКЕРІМДІ АРУЛАП ЖЕРЛЕУГЕ
ЕШКІМНІҢ ДӘТІ БАРМАҒАН



– Шәкерімнің ел ішінен жыраққа, Шыңғыстауға кетуінің сыры неде?

– Шәкерім ел ортасының дау-дамайынан, айтыс-тартыстарынан, қаскөйлік пиғылдарынан түңіліп, 1909–1910 жылдары онаша кетіп, кітап оқумен, жазумен шұғылданған. Шыңғыстағы Шақпақ тауының етегінде, өзі «Саят қора» деп атаған жерде еркін өмір сүріп, серуен құрып, шығармашылықпен айналысып, өзімен-өзі болады. Ол туралы өзі былай дейді:

Өмірхан ӘБДИМАНОВ,
филология ғылымының докторы, профессор:

АБАЙ ЖАНЫН ТАНЫҒАН АДАМ ШӘКЕРІМДЕЙ-АҚ БОЛСЫН

*Кейбіреулер безді дейді елден мені,
Есалаң айтады екен сезіп нені...
Елу бес жыл жинаған қазынамды
Оңашада қорытам ойға салып.*

Шәкерім «Әділ мен Мария» романын 1925 жылы мамыр айында Шыңғыс тауының сыртындағы Шақпақта 67 жасында жазған. Романда ескі қазақ ауылының 1910 жылдардағы өмір тұрмысы, сол кездегі әлеуметтік теңсіздік суреттері, сүйгеніне қосылса да, зорлық пен әділетсіздіктің құрбаны болған әйел тағдыры шыншылдықпен суреттелген. Шығарманың басты кейіпкерлері – Әділ мен Мария арасындағы оқиға өмірде болған. Шәкерімнің көрсетуі бойынша оқиға 1910–1911 жылдары Шыңғыстауда өткен. Әділ мен Марияның махаббатын автор кәрі Шыңғыстауға тіл қата отырып баяндайды. Шәкерімнің талант күдіретін, көркемдік тұрғыдан алғанда, романға ерекше салмақ артып тұрған кәрі Шыңғыстау образынан-ақ тануға болады. Адам мен табиғаттың тілдесуінен өмір шындығының өзгеше бір сипаты көркемдік шындығын тудырудың Шәкерім бастаған тәсілін Шыңғыс Айтматов биік көркемдік тәсілге айналдырды. «Ана – Жер-Ана» – соның нақты айғағы.

– Шәкерімнің әдебиетке қосқан үлесі қандай?

– Шәкерім – қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі ірі құбылыс. Шығыс, батыс классиктерінің шығармашылығын жете танып, мұсылмандық ілім-білімді де еркін меңгерген, түркі халықтарының тарихын терең білетін ол – діни, тарихи тақырыптарға «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі», «Үш анық» тәрізді еңбектер жазған ғұлама ғалым, әдебиеттің көптеген жанрларын-

да туындылар қалдырған қаламгер. Ол әсіресе Абай үлгісін таратуда елеулі еңбек етті. Сондықтан Абай дәстүріндегі көркемдігі жоғары, мазмұн, түр жағынан сонылығы басы, үлкен қоғамдық-әлеуметтік мәні бар лирикалар туғызды. Абай ұстанған ағартушылық, гуманистік көзқарасты қатты қолдады.

Алғашқы жинағы «Қазақ айнасындағы» (1912) өлеңдерінің басты тақырыбы – адам тағдыры, адам өмірінің мәні, адамгершілік тәрізді философиялық ой-таным. Шәкерім халқының санасын тұмшалаған отаршылдық қасіретін ашып көрсететін, елім деген жүрек

Аспаптың түр-түрінде ойнайтын
Шәкерім ән шығарумен де
әуестенген.



Е.Оразалиннің суреті

бұлқынысын танытатын өлеңдерді де көптеп жазды. Оларда азаматтық сарын басым болып келеді. «Қазағым», «Қазақ», «Тағы сорлы қазақ», «Партия адамдары», «Бостандық туы жарқырап», «Бостандық таны атты» өлеңдерінде ой тереңдігі арқылы замана шындығын ашудағы ізденістері байқалады. Шәкерім лирикасын шартты түрде көңіл күй және ой-толғаныстар деп екі салаға бөлуге болады.

– Абай салған соқпақты Шәкерім өз өлеңдерінде жалғастыра жырлайтындай көрінеді...

– Кім жалғыз, дүниеде есті жалғыз, Болмаған соң мұңдасар бір сыңары. Жалтақтап жалғыз Абай өткен жоқ па? Табылды ма қазақтан соның пары?

Бұл «қазақтан мұңдасар жан

Жұлдыздар отбасы

Жазылу индексі: 74024

Жазылу бағасы: 3 айға жазылу бағасы

Алматы 970,56 теңге

Мәскеу 1002,07 теңге

Аудан/ауыл 1021,87 теңге

Намаз сабырлы болуға үйретімі

Адамдары намазға қалай келеді?

Уахабизм қандай?